Аблакет а. шегінде оң жақ жағалаудан тұстама бойынша 0,24 км (су қоймасының ұзындығынан 0,2), гидрологиялық 8 а тігімен сәйкес келеді, **8а** су түбінен 0,5 м тұстамасында су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 15,0 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Аблакет а. шегінде оң жақ жағалаудан тұстама бойынша 0,6 км (су қоймасының ұзындығынан 0,5), гидрологиялық 8 б тігімен сәйкес келеді, **8б** су бетінен 0,5 м тұстамасында су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 14,0 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Аблакет а. шегінде оң жақ жағалаудан тұстама бойынша 0,6 км ( су қоймасының ұзындығынан 0,5), гидрологиялық 8 б тігімен сәйкес келеді, **8б** су түбінен 0,5 м тұстамасында су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 15,0 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Аблакет а. шегінде оң жақ жағалаудан тұстама бойынша 0,96 км ( су қоймасының ұзындығынан 0,8), гидрологиялық 8 в тігімен сәйкес келеді, **8в** су бетінен 0,5 м тұстамасында су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 14,0 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Аблакет а. шегінде оң жақ жағалаудан тұстама бойынша 0,96 км ( су қоймасының ұзындығынан 0,8), гидрологиялық 8 в тігімен сәйкес келеді, **8в** су түбінен 0,5 м тұстамасында су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 16,0 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

**Өскемен су қоймасы** бойында су температурасы 5,2<sup>0</sup>С – 13,0 °С, сутегі көрсеткіші 7,43-8,23, судағы еріген оттегінің шоғыры 9,77-11,7 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,38-3,00 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі 17-18 градус, иісі 0 балл.

Өскемен су қоймасы бойында су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 9,7 мг/дм<sup>3</sup>.

2020 жылдың маусым айында Шығыс Қазақстан аумағындағы су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады: 1 класқа Қара Ертіс өзені; 2-класқа Бұқтырма, Брекса, Тихая, Оба, Үлбі өзендері; 3-класқа Красноярка, Глубочанка өзендері; 4-класқа Өскемен су қоймасы, Емел өзені; нормаланбайды (>5 класс) Ертіс өзені және Бұқтырма су қоймасы жатады (кесте 4).

2019 жылдың маусым айымен салыстырғанда Оба, Красноярка, Глубочанка өзендерінде су сапасы - айтарлықтай өзгермеді; Ертіс өзенінде және Өскемен, Бұқтырма су қоймаларының су сапасы – нашарлады; Қара Ертіс, Бұқтырма, Брекса, Тихая, Үлбі, Емел өзендерінің су сапасы – жақсарды.

## **5.7 Гидробиологиялық және токсикологиялық көрсеткіштер бойынша ШҚО аумағындағы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы**

**Қара Ертіс өз.** 2020 ж. маусым айында жер үсті суларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ, өлген дафниялар тест-параметрі 0% құрады.

Маусым айында Қара Ертіс өз. алынған сынамадан 12 түрлі диатомды және жасыл балдырлардың бір түрі анықталды. Басымдылық танытқан *Diatoma vulgare* (5 балл), басқа түрлердің кездесу жиілігі 1-3 аралығында болды. Сапробты индекс 2,00 судың сапасы - III класпен сипатталды, «*орташа ластанған*» сулар.

Қара Ертіс өз. макрозообентос құрамынан Ephemeroptera, Dipteralarvae, Vermes, Heteroptera қауымдастықтарына жататын 6 таксон анықталды. Биотикалық индекс 7-ге тең, бұл сапаның II класына сәйкес, «*таза сулар*» болды.

**Ертіс өз.** 2020 ж. маусым айында алынған су сынамалары тест-объектілерге өткір уытты әсер еткен жоқ. «Өскемен қ. қала шегінде; УК ГЭС -ы бөгетінен 0,8

км төмен; су өлшеу бекетінің тұстамасында (09)» тұстамада өлген дафниялар 0% құрады; «Өскемен қ. шегінде, Конденсатор зауытының ағынды суларынан 0,5 км төмен, теміржол көпірінен 0,5 км жоғары (0,9)» орналасқан - тұстамада өлген дафниялар 3,3% құрады; «Өскемен қ. қала шегінде; Үлбі өзенінің құйылысынан 3,2 км төмен; (01) сол жағалау» орналасқан - тұстамада өлген дафниялар 10% құрады; ал «Өскемен қ. қала шегінде; Үлбі өзенінің құйылысынан 3,2 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамада өлген дафниялар 16,7% құрады; «Өскемен қ. Прапорщиково а.шегінде; Бразий бұлағының құйылысынан 15 км төмен; (09) оң жағалау» орналасқан - тұстамада өлген дафниялар 3,3% құрады; ал «Предгорное а. Предгорное а.шегінде; Красноярка өзенінің құйылысынан 1 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамада өлген дафниялар 13,3% құрады.

Ертіс өз. «Өскемен қ. қала шегінде; УК ГЭС -ы бөгетінен 0,8 км төмен; су өлшеу бекетінің тұстамасында (09)» тұстамадан алынған сынамадан балдырлардың 16 түрі анықталды. Анықталған балдырлардың басымы диатомды балдырлар саны - 14, ал жасыл балдырлардан 2 түрі анықталды. Басымдылық танытқан *Diatoma vulgare* (5), қалған түрлердің кездесу жиілігі 1-3 аралығында болды. Сапробты индекс 1,72 тең, бұл сапаның III класына сәйкес, «орташа ластанған» сулар. «0,5 км конденсаторлы зауытының төгіндісінен төмен» тұстамадан алынған сынамада балдырлардың 14 түрі кездесті. Олардың 13 түрі диатомды, ал бір түрі жасыл балдырлар өкілі. Түрлердің кездесу жиілігі 1-3 аралығында болды. Сапробты индекс 1,70 тең, бұл сапаның III класына сәйкес, «орташа ластанған» сулар. Ағыс бойымен төмен «Үлбі өз.құйылысынан 3,2 км төмен» тұстамада сол жақ жағасынан алынған түрлер саны 13. Сапробты индекс 1,74 тең, бұл сапаның III класына сәйкес, «орташа ластанған» сулар. Осы тұстаманың оң жақ жағасынан алынған сынамада диатомды балдырлар саны 14, жасыл балдырлардың бір түрі анықталды. Басымдылық танытқан *Diatoma vulgare* (5). Қалған түрлердің кездесу жиілігі 1-3 аралығында. Сапробты индекс 1,75 тең, сапа III класқа сәйкес, «орташа ластанған» сулар. «Өскемен қ. Прапорщиково а.шегінде; Бразий бұлағының құйылысынан 15 км төмен; (09) оң жағалау» орналасқан - тұстамадан алынған сынамада балдырлардың 16 түрі айқындалды. Диатомды балдырлар саны 15, жасыл балдырлардың бір түрі кездесті. Жалпы түрлердің кездесу жиілігі 1-5 аралығында болды. Сапробты индекс 1,67 тең. Сапа III класқа сәйкес, «орташа ластанған» сулар. «Предгорное а. Предгорное а.шегінде; Красноярка өзенінің құйылысынан 1 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамадан алынған сынамада диатомды балдырлардың 11, көк-жасыл балдырлардың бір түрі айқындалды. Түрлердің кездесу жиілігі 1-3 аралығында. Сапробты индекс 1,78 тең. Сапа III класқа сәйкес, «орташа ластанған» сулар.

Маусым айында «Өскемен қ. қала шегінде; УК ГЭС -ы бөгетінен 0,8 км төмен; су өлшеу бекетінің тұстамасында (09)» тұстамадағы макрозообентостың 6 түрі айқындалды, олар Trichoptera, Crustacea, Diptera larvae, Heteroptera дернәсілдері. Биотикалық индекс мәні 5 тең, сапа III класына сәйкес, «орташа ластанған сулар» санатына жатқызылады. «Өскемен қ. шегінде, Конденсатор зауытының ағынды суларынан 0,5 км төмен, теміржол көпірінен 0,5 км жоғары (0,9)» тұстамадан алынған сынамада макрозообентостың Ephemeroptera,

Dipteralarvae, Crustacea топтарынан 4 түрі анықталды. Биотикалық индекс мәні 5ке тең, сапа III класына сәйкес, «орташа ластанған сулар» санатына жатқызылады. «Өскемен қ. қала шегінде; Үлбі өзенінің құйылысынан 3,2 км төмен; (01) сол жағалау» тұстамадағы су сынамасында макрозообентос құрамынан Ephemeroptera, Dipteralarvae, Hirudinae, Vermes таксондары айқындалды. Биотикалық көрсеткіш мәні 5ге тең, сапа III класына сәйкес, «орташа ластанған сулар» санатына жатқызылады. «Өскемен қ. қала шегінде; Үлбі өзенінің құйылысынан 3,2 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамада макрозообентос Ephemeroptera, Dipteralarvae, Crustaceae, Heteroptera қауымдастықтарына жататын 4 таксон анықталған. Биотикалық индекс 5ке тең, су сапасының III класына сәйкес, «орташа ластанған сулар» санатына жатқызылады. Прапорщиково ауылы шегінде орналасқан тұстама «Өскемен қ. Прапорщиково а. шегінде; Бражий бұлағының құйылысынан 15 км төмен; (09) оң жағалау» макрозообентос құрамынан Crustaceae, Trichoptera, Dipteralarvae, Heteroptera таксондары айқындалды. Биотикалық көрсеткіш мәні 5ке тең, сапа III класына сәйкес, «орташа ластанған сулар» санатына жатқызылады. «Предгорное а. Предгорное а. шегінде; Красноярка өзенінің құйылысынан 1 км төмен; (09) оң жағалау» тұстама сынамасының су сапасы II класына сәйкес, «таза сулар» санатына жатқызылады. Биотикалық мәні 7ге тең.

**Бұқтырма өз.** 2020 ж. маусым айында алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық әсері тіркелген жоқ. Тұстамаларда тірі дафниялар 100% және 86,6% құрады.

Бұқтырма өз. «Алтай қ. Лесная пристань а. шегінде; Хамир ө. құйылысынан 0,1 км төмен; Алынған сынамада диатомды балдырлардың 12 түрі анықталды. Кездесу жиілігі 1-5 аралығыныда. Сапробты индекс 1,52 тең. Сапа II класқа сәйкес, «таза сулар» санатына жатады. (01) сол жағалау» және «Алтай қ. Зубовка а. шегінде; Березовка ө. құйылысынан 1,5 км төмен; (01) сол жағалау» орналасқан тұстамалардан алынған сынамада диатомды балдырлардың 11 түрі анықталды. Сапробты көрсеткіш 1,53 тең, су сапасының II класына сәйкес, «таза сулар» санатына жатады.

Маусым айында Бұқтырма өз. орналасқан екі тұстамадан алынған сынаманың су түбі жәндіктері биоценоздарының құрамынан Plecoptera, Ephemeroptera, Trichoptera, Dipteralarvae, Arahniidae түрлері айқындалды. Биотикалық көрсеткіш сәйкесінше 8ге тең, су сапасы II класқа сәйкес, «таза сулар» санатына жатқызылады.

**Брекса өз.** 2020 ж. маусым айында алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ. «Риддер қ., Риддер қ. шегінде; Филипповка өзені қосылысынан 0,5 км жоғары; (09) оң жағалау» орналасқан тұстамада өлген дафниялар 3,3% құрады. Екінші «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Брекса өз. сағасынан 0,6 км; (09) оң жағалау» орналасқан тұстамада өлген тест-объектілер 23,3% құрады.

Брекса өз. перифитон сынамалары «Риддер қ., Риддер қ. шегінде; Филипповка өзені қосылысынан 0,5 км жоғары; (09) оң жағалау» тұстамасынан алынған сынамада диатомдылардың 11 түрі, жасыл балдырлардың 1 түрі

анықталды. Сапробты индекс 1,79 тең. Судың сапасы III класқа жатады, «*орташа ластанған*» сулар. «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Брекса өз. сағасынан 0,6 км; (09) оң жағалау» орналасқан тұстамада диатомды балдырлардың 10, жасыл балдырлардың бір түрі анықталды. Сапробты индекс 1,82 тең. Судың сапасы III класқа жатады, «*орташа ластанған*» сулар.

Брекса өзенінің «Риддер қ., Риддер қ. шегінде; Филипповка өзені қосылысынан 0,5 км жоғары; (09) оң жағалау» орналасқан тұстамадан алынған сынаманың су түбі жәндіктері биоценоздарының құрамынан 7 таксон айқындалды. Олар Plecoptera, Ephemeroptera, Trichoptera, Dipteralarvae түрлері. Биотикалық көрсеткіші 7ге тең, су сапасы II класқа сәйкес, «*таза сулар*» санатына жатқызылады. «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Брекса өз. сағасынан 0,6 км; (09) оң жағалау» тұстамасынан су түбі жәндіктерінен Plecoptera, Trichoptera, Diptera larvae түрлері анықталды, биотикалық индекс мәні 7ге тең, су сапасы II класына сәйкес – «*таза сулар*» санатына жатқызылады.

**Тихая** өз. 2020 ж. маусым айында алынған су сынамалары тест-объектілерге әртүрлі әсер етті. «Риддер қ., Риддер қаласы шегінде; технологиялық автокөлік көпірінен 0,1 км жоғары; Безымянный бұлағының құйылысынан 0,17 км жоғары; (01) сол жағалау» тұстамада өлген дафниялар 3,3% құрады, өткір уыттылық тіркелген жоқ, екінші «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; гидро құрылғыларынан (бөгет) 0,23 км төмен; Тихая өз. сағасынан 8 км жоғары; (01) сол жағалау» орналасқан тұстамада өлген тест-объектілер 33,3 % құрады, сынамада өткір уыттылық әсері тіркелген жоқ.

Тихая өз. «Риддер қ., Риддер қаласы шегінде; технологиялық автокөлік көпірінен 0,1 км жоғары; Безымянный бұлағының құйылысынан 0,17 км жоғары; (01) сол жағалау» тұстамада диатомдылардың 11 жасыл балдырлардың бір түрі айқындалды. Түрлердің кездесу жиілігі 1-5 аралығында. Сапробты индекс 1,70 тең, судың сапасы III класқа жатады, «*орташа ластанған*» сулар. «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; гидро құрылғыларынан (бөгет) 0,23 км төмен; Тихая өз. сағасынан 8 км жоғары; (01) сол жағалау» тұстамада диатомдылардың 10 түрі айқындалды. Түрлердің кездесу жиілігі 1-3 аралығында. Сапробты индекс 1,77 тең, судың сапасы III класқа жатады, «*орташа ластанған*» сулар.

Тихая өз «Риддер қ., Риддер қаласы шегінде; технологиялық автокөлік көпірінен 0,1 км жоғары; Безымянный бұлағының құйылысынан 0,17 км жоғары; (01) сол жағалау» тұстамадан алынған макрозообентос құрамынан Ephemeroptera, Trichoptera, Dipteralarvae, Vermes қауымдастығынан 10 таксон айқындалды. Биотикалық индекс мәні 7 құрады, сапа II класына сәйкес – «*таза сулар*» санатына жатқызылады. Ағыс бойымен төмен «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; гидро құрылғыларынан (бөгет) 0,23 км төмен; Тихая өз. сағасынан 8 км жоғары; (01) сол жағалау» тұстамасынан алынған макрозообентос сынамасынан Ephemeroptera, Trichoptera, Dipteralarvae қауымдастығынан 6 таксон айқындалды. Биотикалық индекс мәні 7 құрады, су сапасының II класына сәйкес – «*таза сулар*» санатына жатқызылады.

**Үлбі** өз. 2020 ж. маусым айында алынған су сынамалары әр түрлі деңгейде тіркелді. «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Тишинск кеніші шахталық



суларының төгіндісінен 100м жоғары; Громотуха және Тихая өзендерінің қосылуынан 1,9 км төмен; (09) оң жағалау» орналасқан тұстамада өлген дафниялар 26,7% құрады, өткір уыттылық жоқ. Екінші «Риддер қ. Тишинск кенішінен 7,0 км төмен; Громотуха және Тихая өзендері қосылысынан 8,9 км төмен; автокөлік көпірі маңында;(09) оң жағалау» тұстамада өткір уыттылық тіркелді, өлген дафниялар саны 66,7% құрады. «Өскемен қ. Каменный карьер к. шегінде; су өлшеу бекетінде; (01) сол жағалау» тұстамада өлген дафниялар 16,7% құрады. «Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (01) сол жағалау» 16,7% құрады, «Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамаларында өлген дафниялар саны 20% құрады, өткір уыттылық жоқ.

«Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 0,1 км жоғары; Громотуха және Тихая өзендерінің қосылуынан 1,9 км төмен; (09) оң жағалау» сынамадан диатомды балдырлардың 14 жасыл балдырлардың 2 түрі анықталды. Түрлердің кездесу жиілігі 1-5 аралығында. Сапробты көрсеткіш 1,68 тең. Судың сапасы III класс, «*орташа ластанған*» сулар. Тишинск кенішінің шахта сулары төгіндісінен төмен «Риддер қ. Тишинск кенішінен 7,0 км төмен; Громотуха және Тихая өзендері қосылысынан 8,9 км төмен; автокөлік көпірі маңында; (09) оң жағалау» тұстамада балдырлардың 12 түрі айқындалды, кездесу жиілігі 1-3 аралығында. Сапробты көрсеткіш мәні 1,79. Судың сапасы III класқа жатады, «*орташа ластанған*» сулар. Үлбі өз. «Өскемен қ. Каменный карьер к. шегінде; су өлшеу бекетінде; (01) сол жағалау» тұстамада диатомды балдырлардың 12 түрі, жасыл балдырлардың бір түрі анықталды. Басымдылық танытқан *Symbella ventricosa* (7). Қалған түрлердің кездесу жиілігі 1-3 аралығында. Сапробты көрсеткіш мәні 1,74. Судың сапасы III класқа жатады, «*орташа ластанған*» сулар. Ағыс бойымен төмен, өзеннің сол жақ жағасы «Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (01) сол жағалау» тұстамадан алынған сынамада диатомды балдырлардың 11, жасыл балдырлардың бір түрі кездесті. Түрлердің кездесу жиілігі 1-5 аралығында. Сапробты көрсеткіш мәні 1,65. Судың сапасы III класқа жатады, «*орташа ластанған*» сулар. «Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (09) оң жағалау» оң жақ жағалауынан алынған сынамада диатомды балдырлардың 11 түрі кездесті. Түрлердің кездесу жиілігі 1-5 аралығында. Сапробты көрсеткіш мәні 1,73. Судың сапасы III класқа жатады, «*орташа ластанған*» сулар.

Үлбі өз. «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100м жоғары; Громотуха және Тихая өзендерінің қосылуынан 1,9 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамадан алынған макрозообентос құрамынан Plescoptera, Ephemeroptera, Diptera larvae қауымдастығынан 9 таксон айқындалды. Биотикалық индекс мәні 8 құрады, сапа II класына сәйкес – «*таза сулар*» санатына жатқызылады. «Риддер қ. Тишинск кенішінен 7,0 км төмен; Громотуха және Тихая өзендері қосылысынан 8,9 км төмен; автокөлік көпірі маңында;(09) оң жағалау» тұстамадан алынған макрозообентос құрамынан

Ephemeroptera, Trichoptera, Diptera larvae қауымдастығынан 6 таксон айқындалды. Биотикалық индекс мәні 7 құрады, сапа II класына сәйкес – «таза сулар» санатына жатқызылады. Үлбі өз. Каменный Карьер кенті шегіндегі «Өскемен қ. Каменный карьер к. шегінде; су өлшеу бекетінде; (01) сол жағалау» тұстамасынан алынған сынамадан макрозообентос құрамынан Ephemeroptera, Coleoptera, Arachniidae қауымдастықтарының 7 таксоны айқындалды. Судың сапасы II класына сәйкес, «таза сулар» санатына жатқызылады. Биотикалық индекс мәні 7 құрады. «Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (01) сол жағалау» тұстамасынан алынған сынамада макрозообентос құрамынан Ephemeroptera, Trichoptera, Heteroptera, Odonata, Arachniidae қауымдастықтарының 6 таксоны айқындалды. Судың сапасы II класына сәйкес, «таза сулар» санатына жатқызылады. «Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (09) оң жағалау» оң жақ жағалауынан алынған сынамада сапа II класына сәйкес, «таза сулар» санатына жатқызылады. Биотикалық индекс мәні 7 құрады.

**Глубочанка** өз. 2020 ж. маусым айында алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өзара ерекшеленді. «Белоусовка а. шегінде; Белоусовка а. гидроқұрылғыларынан (бөгеттерден) 2,9 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамадан өлген дафниялар 16,7% құрады, өткір уыттылық жоқ. «Белоусовка а. Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,6 км төмен; Белоусовка а. шекарасынан 0,6 км жоғары; тікелей автокөлік көпірі маңында; (09) оң жағалау» тұстамада өткір уыттылық тіркелген жоқ, өлі дафниялар 26,7% құрады. «Глубокое а. Глубокое а. шегінде, сағадан 0,5 км жоғары, (01) сол жағалау» тұстамадан өлген дафниялар 40% құрады, өткір уыттылық жоқ.

Глубочанка өз. «Белоусовка а. шегінде; Белоусовка а. гидроқұрылғыларынан (бөгеттерден) 2,9 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамадан алынған сынамадан диатомды балдырлардың 15 жасыл балдырлардың 2 түрі анықталды. Кездесу жиілігі 1-3 аралығында. Сапробты көрсеткіш мәні 1,82. Судың сапасы III класқа жатады, «орташа ластанған» сулар. «Белоусовка а. Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,6 км төмен; Белоусовка а. шекарасынан 0,6 км жоғары; тікелей автокөлік көпірі маңында; (09) оң жағалау» тұстамадан алынған сынамадан диатомды балдырлардың 11 жасыл балдырлардың бір түрі анықталды. Кездесу жиілігі 1-5 аралығында. Сапробты көрсеткіш мәні 1,85. Судың сапасы III класқа жатады, «орташа ластанған» сулар. «Глубокое а. Глубокое а. шегінде, сағадан 0,5 км жоғары, (01) сол жағалау» тұстамадан алынған сынамадан диатомды балдырлардың 10 көк-жасыл балдырлардың бір түрі анықталды. Кездесу жиілігі 1-5 аралығында. Сапробты көрсеткіш мәні 1,96. Судың сапасы III класқа жатады, «орташа ластанған» сулар.

Глубочанка өзенінің «Белоусовка а. шегінде; Белоусовка а. гидроқұрылғыларынан (бөгеттерден) 2,9 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамадан алынған макрозообентос құрамынан Trichoptera, Diptera larvae, Crustaceae қауымдастығынан 4 таксоннан айқындалды. Биотикалық индекс мәні 5 құрады,

сапа III класына сәйкес – «*орташа ластанған сулар*» санатына жатқызылады. «Белоусовка а. Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,6 км төмен; Белоусовка а. шекарасынан 0,6 км жоғары; тікелей автокөлік көпірі маңында;(09) оң жағалау» тұстамадан алынған макрозообентос құрамынан Diptera larvae, Heteroptera, Crustaceae қауымдастығынан 3 таксоннан айқындалды. Биотикалық индекс мәні 4 құрады, сапа IV класына сәйкес – «*ластанған сулар*» санатына жатқызылады. «Глубокое а. Глубокое а. шегінде, сағадан 0,5 км жоғары, (01) сол жағалау» тұстамадан алынған сынамадан Plecoptera, Ephemeroptera, Diptera larvae, Heteroptera, Crustaceae түрлеріне жататын 5 түр анықталды. Биотикалық индекс мәні 6 құрады. Судың сапасы III класына сәйкес – «*орташа ластанған сулар*» санатына жатқызылады.

**Красноярка** өз. 2020 ж. маусым айында алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде «Алтайский а. Алтайский а. шегінде гидроқұрылғылардан (бөгеттерден) 60 м төмен; Красноярка өз. Сағасынан 24 км жоғары;(09) оң жағалау» тұстамада өлген дафниялар саны 30% құрады. Екінші «Предгорное а. Предгорное а. шегінде; сағадан 3,5 км жоғары; су өлшеу бекетінде; (09) оң жағалау;» тұстамада дафниялар саны 66,7% құрады, өткір уыттылық тіркелді.

«Алтайский а. Алтайский а. шегінде гидроқұрылғылардан (бөгеттерден) 60 м төмен; Красноярка өз. Сағасынан 24 км жоғары; (09) оң жағалау» тұстамадан алынған сынамадан диатомды балдырлардың 12, жасыл балдырлардың бір түрі анықталды. Кездесу жиілігі 1-5 аралығында. Сапробты көрсеткіш мәні 1,79. Судың сапасы III класқа жатады, «*орташа ластанған*» сулар. «Предгорное а. Предгорное а. шегінде; сағадан 3,5 км жоғары; су өлшеу бекетінде; (09) оң жағалау;» тұстамадан алынған сынамадан диатомды балдырлардың 10, жасыл балдырлардың бір түрі анықталды. Кездесу жиілігі 1-3 аралығында. Сапробты көрсеткіш мәні 2,01. Судың сапасы III класқа жатады, «*орташа ластанған*» сулар.

2020 ж. маусым айындағы Красноярка өз. «Алтайский а. Алтайский а. шегінде гидроқұрылғылардан (бөгеттерден) 60 м төмен; Красноярка өз. Сағасынан 24 км жоғары;(09) оң жағалау» тұстамасында алынған сынамалардан макрозообентос көрсеткіштері бойынша су сапасы III класс, «*орташа ластанған сулар*» санатына жатқызылады. Бұл жерден Ephemeroptera, Odonata, Heteroptera, Crustaceae айқындалды. Биотикалық көрсеткіш 5 құрады. «Предгорное а. Предгорное а. шегінде; сағадан 3,5 км жоғары; су өлшеу бекетінде; (09) оң жағалау;» тұстамасында алынған сынамалардан макрозообентос көрсеткіштері бойынша су сапасы III класс, «*орташа ластанған сулар*» санатына жатқызылады. Биотикалық көрсеткіш 5 құрады.

**Оба** өз. 2020 ж. маусым алынған су сынамаларында өткір уытты әсер тіркелген жоқ. «Шемонаиха қ. Березовка ө. құйылысынан 1,8 км жоғары;(09)» тұстамада 0%, екінші «Шемонаиха қ. Камышенка а. шегінде; Таловка ө. құйылысынан 4,1 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамада өлген дафниялар 10% құрады.

Оба өз. «Шемонаиха қ. Березовка ө. құйылысынан 1,8 км жоғары; (09)» тұстамадан алынған сынамадан диатомды балдырларыдың 17, жасыл балдырлардың бір түрі анықталды. Кездесу жиілігі 1-5 аралығында. Сапробты көрсеткіш 1,86 тең, су сапасының III класына сәйкес, су «орташа ластанған». «Шемонаиха қ.Камышенка а. шегінде; Таловка ө. құйылысынан 4,1 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамадан алынған тұстамадан алынған сынамадан диатомды балдырларыдың 10, жасыл балдырлардың 2, көк-жасыл балдырлардың бір түрі анықталды. Кездесу жиілігі 1-3 аралығында. Сапробты көрсеткіш 1,91 тең, су сапасының III класына сәйкес, су «орташа ластанған».

Оба өз. «Шемонаиха қ. Березовка ө. құйылысынан 1,8 км жоғары;(09)» тұстамада алынған сынамадан макрозообентос құрамынан Ephemeroptera, Coleoptera, Heteroptera қауымдастықтарының 8 таксоны айқындалды. Судың сапасы II класына сәйкес, «таза сулар» санатына жатқызылады. «Шемонаиха қ.Камышенка а. шегінде; Таловка ө. құйылысынан 4,1 км төмен; (09) оң жағалау» Судың сапасы II класына сәйкес, «таза сулар» санатына жатқызылады. Биотикалық көрсеткіш 7 құрады.

**Емел өз.** 2020 ж. маусым беткі суларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ, өлі дафниялар саны 3,3% құрады.

Маусым айында Емел өз. алынған перифитон сынамасында балдырлардың 16 түрі анықталды. Диатомды балдырлардың 13 түрі, жасыл және көк-жасыл балдырлардың бір түрі кездесті. Кездесу жиілігі 1-3 аралығында болды болды. Сапробты индекс мәні 1,91 болды. Су сапасы III класқа сәйкес, «орташа ластанған сулар» санатына жатқызылады.

Фитопланктонның даму көрсеткіштері бойынша Емел өз. суының сапасы III класқа жатады, су «орташа ластанған». Сынамада балдырлардың 14 түрі айқындалды, олардың 11 түрі диатомды, жасыл балдырлардың бір, көк-жасыл балдырлардың 2 түрі кездесті. Балдырлардың ортақ саны 164,9 мың.кл/л, тыс.кл/л, биомасса – 0,4658 мг/л. Басым бөлігін ұсақ жасушалы диатомды балдырлар құрады. Сапробты көрсеткіш 1,71 тең.

Зоопланктон сынамасында 2 таксон анықталды, олар *Asplanchna priodonta*, *Bosmina longirostris* түрлерінің ортақ саны 0,3 экз.м<sup>3</sup>, биомасса 0,0213 мг/м<sup>3</sup>. Түрлер санының аздығынан статистикалы нәтиже үшін көрсеткішті анықтау мүмкін болмады.

Маусым айында Емел өз. макрозообентос сынамасынан су түбі жәндіктерінің Plecoptera, Diptera larvae, Vermes, Mollusca, Odonata қауымдастықтарының 5 таксоны тіркелді. Биотикалық индекс бға тең, су сапасы III класқа сәйкес, «орташа ластанған сулар» санатына жатқызылады.

**Бұқтырма суқоймасы.** 2020 жылдың маусым айында Бұқтырма су қоймасы беткі суларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ. ал басқа барлық стансаларда тірі дафниялар саны 80% дан 100% дейін құрады.

**Өскемен суқоймасы.**Өскемен су қоймасы беткі суларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ. Аблакетка 8в тірі дафниялар саны 63,3% құрады және Огневка 4 тірі дафниялар саны 53,3% ал басқа барлық стансаларда тірі дафниялар саны 80-100% құрады. (қосымша 5)

## **5.8 Шығыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны**

Гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 17 метеорологиялық стансада (Ақжар, Аягөз, Дмитриевка, Баршатаc, Бақты, Зайсан, Жалғызтөбе, Қатон-Қарағай, Көкпекті, Күршім, Риддер, Самарка, Семей, Үлкен Нарын, Өскемен, Шар, Шемонаиха) бақылау жүргізілді (5.9 сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,07-0,26 мкЗв/ч шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,14 мкЗв/ч, яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді

## **5.9 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы**

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 7 метеорологиялық станцияда (Аягөз, Баршатаc, Бақты, Зайсан, Көкпекті, Семей, Өскемен) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (5.9-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8-2,0 Бк/м<sup>2</sup> шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



5.9-сур. Шығыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 6 Жамбыл облысының қоршаған орта жай-күйі

### 6.1 Тараз қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 5 стационарлық бекетте жүргізілді (6.1-сур., 6.1-кесте).

6.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Шымкент көшесі, 22	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид, кадмий, кобальт, марганец, қорғасын
2			Рысбек батыр көшесі, 15, Ниетқалиев көшесінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид
3			Абай және Төле би көшелерінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид, бенз(а)пирен, кадмий, кобальт,

				марганец, қорғасын
4			Байзақ батыр көшесі, 162	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,формальдегид
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Сәтбаев көшесі мен Жамбыл даңғылы	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,көміртегі диоксиді, азот диоксиді,азот оксиді, озон (жербеті),күкірттісутегі, аммиак



6.1 сур. Тараз қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасының ластану **көтеріңкі** деңгейі болып бағаланды, СИ=2,4 (көтеріңкі) күкіртсутегі бойынша Сәтбаев көшесі мен Жамбыл даңғылы (№6 ЛББ) аумағында анықталды және ЕЖҚ = 0% (төмен).

*\*БҚ сәйкес, егер СИ пен ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні бойынша бағаланады.*

Азот диоксиді бойынша орташа айлық шоғырлары 1,3 ШЖШ<sub>0.т.</sub> құрады, атмосфералық ауадағы басқа ластаушы заттар мен ауыр металдар ШЖШ-дан аспады.

Күкіртсутегі бойынша максималды-бір реттік шоғырлары  $2,4 \text{ ШЖШ}_{\text{м.б}}$  азот оксиді –  $1,2 \text{ ШЖШ}_{\text{м.б}}$  құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


## 6.2 Жанатас қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.2-сур., 6.2-кесте).

6.2 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссізрежимде	Тоқтаров көшесі, 27/1 және 27-а	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді және оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



6.2-сурет. Жанатас қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, ол  $СИ=1,1$  (төмен) және  $ЕЖҚ=1\%$  (көтеріңкі) күкіртсутегі бойынша анықталды.

\*БҚ сәйкес, егер СИ пен ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні бойынша бағаланады.



Озон (жер беті) бойынша орташа айлық шоғырлары 1,4 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Күкіртсутегі бойынша максималды-бір реттік шоғырлары 1,1 ШЖШ<sub>м.б</sub> құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


### 6.3 Қаратау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.3-сур., 6.3-кесте).

6.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Тамдыәулие, №130	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі



6.3-сурет. Қаратау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.3-сур.) қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланады, СИ=2,8 PM-10 қалқыма бөлшектері бойынша және ЕЖҚ=1% күкіртсутегі бойынша анықталды.

Озон (жер беті) бойынша орташа айлық шоғырлар 1,9 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бір реттік шоғырлар бойынша РМ-2,5 қалқыма бөлшектері - 1,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектері - 2,8 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртсутегі-1,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


#### 6.4 Шу қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.4-сур., 6.4-кесте).

6.4- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Шу қалалық ауруханасының маңында	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі



6.4-сурет. Шу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.4-сур.) кенттегі атмосфералық ауаның ластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, ол СИ=0,96 күкіртсутегі бойынша және ЕЖҚ=0% анықталды.

Озон (жер беті) бойынша орташа айлық шоғырлары 2,3 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір-реттік шоғырлар бойынша ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


### 6.5 Қордай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.5-сур., 6.5-кесте).

6.5-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Жібек жолы көшесі, №496«А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртсутегі, аммиак



6.5 сур. Қордай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.5-сур.) кенттегі атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=1,1 (төмен) және ЕЖҚ=1% (көтеріңкі) күкіртсутегі бойынша анықталды.

*\*БҚ сәйкес, егер СИ пен ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні бойынша бағаланады.*

Орташа айлық шоғырлар бойынша ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Күкіртсутегі бойынша максималды-бір реттік шоғырлары 1,1 ШЖШ<sub>м.б</sub> құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

## 6.5 Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 9 су нысанында жүргізіледі (Талас, Асса, Берікқара, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері және Билікөл көлі).

Шу, Талас және Асса өзендері бассейнінің ағысы Қырғыз Республикасының аумағында толығымен қалыптасады. Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері Шу өзенінің тармағы болып келеді.

Бірыңғай жіктеу бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

### **Талас өзені:**

- тұстама Жасөркен а. 0,7 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 53,3 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан жоғары.

- тұстама Тараз қаласынан 7,5 км жоғары, ГРЭС сарқынды сулары шығарымынан 0,7 км жоғары: су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ – 34,6 мг/дм<sup>3</sup>. Оттегінің химиялық тұтынуы нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Солнечный кенті, гидробекеттен 0,5 км төмен: су сапасы 2 класқа жатады: ОХТ – 25,6 мг/дм<sup>3</sup>, мұнай өнімдері – 0,07 мг/дм<sup>3</sup>. Оттегінің химиялық тұтынуы және мұнай өнімдерінің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Тараз қаласынан 10 км төмен, қант және спирт комбинаттарының фильтрация алқаптарынан шыққан коллекторлы-дренаж суларынан 0,7 км төмен: су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 56,0 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

**Талас** өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 11,0-19,0<sup>0</sup>С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,90-8,10, суда еріген оттегінің шоғыры 8,60-9,22 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 2,26-3,85 мг/дм<sup>3</sup> құрады.

**Талас** өзені ұзындығы бойынша су сапасы 2 класқа жатады: ОХТ – 29,6 мг/дм<sup>3</sup> мұнай өнімдері – 0,07 мг/дм<sup>3</sup>.

**Асса өзені** су температурасы 17,6<sup>0</sup>С, сутегі көрсеткіші 8,25, суда еріген оттегінің шоғыры 8,20 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,65 мг/дм<sup>3</sup> құрады.

- тұстама Маймақ т/ж станциясы: су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,012 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ – 21,8 мг/дм<sup>3</sup>. Оттегінің химиялық тұтынуы және марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

**Берікқара өзені** су температурасы 17,0<sup>0</sup>С, сутегі көрсеткіші 7,95, суда еріген оттегінің шоғыры 8,49 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 2,14 мг/дм<sup>3</sup>, түсі 5 градус, мөлдірлігі 18 см., иісі – 0 баллды құрады.

- Берікқара өзені тұстамасы, тау су ағысы шығысы тұсынан 6 км. оңтүстікке қарай, Абдіқадір а.: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 59,0 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

**Билікөл көлінің** су температурасы  $22,0^{\circ}\text{C}$ , сутегі көрсеткіші 7,90, суда еріген оттегінің шоғыры  $6,34 \text{ мг/дм}^3$ ,  $\text{ОБТ}_5$   $13,0 \text{ мг/дм}^3$ ,  $\text{ОХТ}$  –  $41,3 \text{ мг/дм}^3$ , қалқыма заттар –  $86,0 \text{ мг/дм}^3$ .

**Шу өзенінің су** температурасы  $19,0 - 20,2^{\circ}\text{C}$  шегінде, сутегі көрсеткіші 7,90-8,00, суда еріген оттегінің шоғыры  $8,29 - 8,90 \text{ мг/дм}^3$ ,  $\text{ОБТ}_5$   $2,90 \text{ мг/дм}^3$ .

- тұстама Қайнар а. (Благовещенское а.): су сапасы 4 каласқа жатады:  $\text{ОХТ}$  –  $33,5 \text{ мг/дм}^3$ , фенолдар –  $0,002 \text{ мг/дм}^3$  Оттегінің химиялық тұтынуы нақты концентрациясы фондық кластан жоғары, ал фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

**Ақсу өзенінің** су температурасы  $24,4^{\circ}\text{C}$ , сутегі көрсеткіші 7,80, суда еріген оттегінің шоғыры  $7,49 \text{ мг/дм}^3$ ,  $\text{ОБТ}_5$   $3,98 \text{ мг/дм}^3$  құрады.

- тұстама Ақсу а. 0,5 км жоғары, Ақсу өзені сағасынан 10 км: су сапасы 4 класс:  $\text{ОХТ}$  –  $33,2 \text{ мг/дм}^3$  фенолдар –  $0,002 \text{ мг/дм}^3$ . Фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, ал  $\text{ОХТ}$  нақты концентрациясы фондық кластан асады.

**Қарабалта өзені** су температурасы  $25,0^{\circ}\text{C}$ , сутегі көрсеткіші 7,85, суда еріген оттегінің шоғыры  $7,05 \text{ мг/дм}^3$ ,  $\text{ОБТ}_5$   $3,62 \text{ мг/дм}^3$  құрады.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Баласағұн а., өзен сағасынан 29 км: су сапасы 5 каласқа жатады: қалқыма заттар –  $197,0 \text{ мг/дм}^3$ . Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан жоғары.

**Тоқташ өзені** су температурасы  $26,6^{\circ}\text{C}$ , сутегі көрсеткіші 7,85, суда еріген оттегінің шоғыры  $9,77 \text{ мг/дм}^3$ ,  $\text{ОБТ}_5$   $3,64 \text{ мг/дм}^3$  құрады.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Жауғаш Батыр а. ауыл шетіндегі өзен сағасынан 78 км қашықтықта: су сапасы 4 каласқа жатады: қалқыма заттар –  $82,0 \text{ мг/дм}^3$ , сульфаттар –  $369,0 \text{ мг/дм}^3$ , фенолдар –  $0,002 \text{ мг/дм}^3$ . Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан жоғары, фенолдардың және сульфаттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

**Сарықау өзені** су температурасы  $20,0^{\circ}\text{C}$ , сутегі көрсеткіші 8,05, суда еріген оттегінің шоғыры  $8,88 \text{ мг/дм}^3$ ,  $\text{ОБТ}_5$   $3,04 \text{ мг/дм}^3$  құрады.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Шу өзеніне құйғанға дейін 35км, Мерке ауылынан 63 км: су сапасы 4 каласқа жатады:  $\text{ОХТ}$  –  $33,6 \text{ мг/дм}^3$ , сульфаттар –  $576,0 \text{ мг/дм}^3$ , фенолдар –  $0,002 \text{ мг/дм}^3$ . Оттегінің химиялық тұтынуы және фенолдардың нақты концентрациялары фондық кластан аспайды, сульфаттардың нақты концентрациясы фондық кластан жоғары.

Бірыңғай жіктеу бойынша 2020 жылдың маусым айында Жамбыл облысы аумағындағы су нысандарының су сапасы келесідей бағаланады: 2 класс – Талас және Асса өзендері; 4 класс – Шу, Ақсу, Тоқташ және Сарықау өзендері; 5 класс – Қарабалта өзені; нормаланбайды ( $>5$  класс) – Берікқара өзені.

2019 жылдың маусым айымен салыстырғанда Талас, Асса және Тоқташ өзендері – жақсарған; Шу және Ақсу өзендері – нашарлаған; Берікқара, Қарабалта және Сарықау өзендері – айтарлықтай өзгермеген.

## 6.7 Жамбыл облысының радиациялық гамма-фоны


Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық станцияларда (Тараз, Төле би, Шығанақ) жүргізілді (6.6-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның мәні 0,08-0,22 мкЗв/сағ. аралығында болды. Радиациялық гамма-фонның орташа мәні облыс бойынша 0,16 мкЗв/сағ., және шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

### 6.8 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияларда (Тараз, Төле би, Шығанақ) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (6.6-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,9-1,8 Бк/м<sup>2</sup> аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,4 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



6.8 сур. Жамбыл облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 7 Батыс Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі


## 7.1 Орал қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3стационарлық бекетте жүргізілді (7.1-сур., 7.1-кесте).

7.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	№1 өрт сөндіру бөлімінің маңы (Гагарин көшесі, №25 үйдің ауданы)	PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутегі, гамма сәулеленудің қуаттылығының эквиваленттік дозасы
3			Киров атындағы саябақтың маңы (Даумов көшесі)	PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутегі, гамма сәулеленудің қуаттылығының эквиваленттік дозасы, озон (жербеті)
5			Мұхит көшесі («Мирлан» базарының ауданы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, озон (жербеті),



7.1-сурет. Орал қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.1-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** деп бағаланды, ол СИ мәні 2,7 (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша №2 бекет аумағында және ЕЖҚ=1% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

*\*БҚ сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі мәнді көрсетсе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғары мәнімен бағаланады.*

Озонның (жер беткі) орташа шоғыры 1,6ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

PM-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды бір реттік шоғырлары 1,7 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, көміртегі оксиді – 1,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегі – 2,7 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, аммиак – 1,5 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

## 7.2 Ақсай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі



Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (7.2-сур., 7.2-кесте).

7.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
4	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Утвинская көшесі, 17	PM-10 қалқыма бөлшектері күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді, азот диоксиді, озон (жербетті), күкіртті сутек, аммиак, гамма сәулеленудің эквиваленттік дозасының қуаттылығы
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Заводская көш. 35	күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербетті), күкіртті сутегі, аммиак





7.2-сурет. Ақсай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.2-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** деп бағаланды, ол  $СИ=2,1$  (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша және  $ЕЖҚ=1\%$  (көтеріңкі деңгей) көміртегі оксиді бойынша №4 бекет аумағында анықталды.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Көміртегі оксидінің максималды бір реттік шоғырлары  $1,1$  ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, азот диоксиді –  $1,3$  ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегі –  $2,1$  ШЖШ<sub>м.б.</sub>, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


### 7.3 Январцево кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (7.3-сур., 7.3-кесте).

7.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Рабочая к-сі, 16.	көміртегі оксиді, азот оксиді мен диоксиді, аммиак, озон



7.3-сурет. Январцево кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.3-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, ол СИ=0,1 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Ластаушы заттардың орташа және максималды бір реттік шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

#### 7.4 Батыс Қазақстан аумағындағы жер үсті су сапасы

Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 4 су нысанында Жайық, Шаған, Деркөл, Шыңғырлау өзендерінде жүргізілді.

##### **Жайық өзені:**

- тұстама Январцево ауылы: су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 25 мг/л. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Орал қаласынан 0,5 км жоғары: су сапасы 4 класқа жатады: аммоний-ионы -1,16 мг/л, қалқыма заттар -22 мг/л. Аммоний-ионы, қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Орал қаласынан 11,2 км төмен, гидробекеті: су сапасы 4 класқа жатады: аммоний-ионы -1,165 мг/л, қалқыма заттар -23 мг/л. Аммоний-ионы, қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Тайпақ ауылы: су сапасы 4 класқа жатады: аммоний-ионы -1,653 мг/л. Аммоний-ионы нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Жайық өзені бойынша су температурасы 9,2-12,5 ° С , сутегі көрсеткішінің орташа мәні 6,98-7,40 құрады, суда ерітілген оттегінің концентрациясы орта есеппен 9,67-12,09 мг / дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> орташа 2,21-3,19 мг / дм<sup>3</sup> құрады, түсі 14-15 градусқа дейін; мөлдірлігі -15-16 см, иісі - барлық тұстамада 0 балл.

Жайық өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы 4 класқа жатады- аммоний-ионы -1,336 мг/ л, қалқыма заттар -23 мг/л.

#### **Шаған өзені:**

- тұстама Орал қаласынан 0,4 км жоғары, шұңқырдан 1 км жоғары: су сапасы 4 класқа жатады - аммоний-ионы -1,174 мг/ л, қалқыма заттар -24 мг/л Аммоний-ионы және қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Шаған өзенінің сағасынан 0,5 км жоғары: су сапасы 4 класқа жатады: аммоний-ионы -1,176, мг/л. Аммоний-ионы нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Чувашинский ауылы: су сапасы 4 класқа жатады: аммоний-ионы -1,194 мг/ л, магний-34,8 мг/л, қалқыма заттар -25 мг/л. Аммоний-ионы, магний, қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Шаған өзені бойынша судың температурасы 9,5-10,8 ° С , сутек көрсеткіші 7,30-7,39 құрады, суда ерітілген оттегінің концентрациясы 9,67 мг / дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> орташа 2,92 мг/дм<sup>3</sup> құрады, түсі 8-10 градусқа дейін; мөлдірлігі -20-22 см, иісі - барлық тұстамада 0 балл.

Шаған өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 4 класқа жатады- аммоний-ионы -1,181 мг/ л, қалқыма заттар -23,6 мг/л.

#### **Деркөл өзені:**

- тұстама Селекционный ауылы: су сапасы 4 класқа жатады: аммоний-ионы -1,095 мг/ л, магний-36 мг/л, қалқыма заттар -25 мг/л. Аммоний-ионы, магний, қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Ростоши ауылы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс) жатады: хлоридтер – 379,31 мг/ л. Хлоридтер нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Деркөл өзені бойынша су температурасы 12,5-13,0 °С, сутегі көрсеткіші 7,33-7,35 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 10,48 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 2,38 мг/дм<sup>3</sup> құрады, түсі 7 градусқа дейін; мөлдірлігі -23 см, иісі - барлық тұстамада 0 балл.

Деркөл өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы 4 класқа жатады- аммоний-ионы -1,206 мг/ л.

#### **Шыңғырлау өзені:**

- тұстама Григорьевка ауылы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс) жатады: хлоридтер – 599,1 мг/ л. Хлоридтер нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Шыңғырлау өзені бойынша су температурасы 8,7 °С, сутегі көрсеткіші 6,96 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 14,59 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 3,24 мг/дм<sup>3</sup> құрады, түсі 15 градусқа дейін; мөлдірлігі -15 см, иісі - барлық тұстамада 0 балл.

Бірыңғай жіктеме бойынша 2020 жылғы маусымдағы Батыс Қазақстан облысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы былайша бағаланады: 4класс – Жайық, Деркөл, Шаған өзендері; нормаланбайды (>5 класс) – Шыңғырлау өзені.

2019 жылғы маусым айымен салыстырғанда Деркөл өзенінде су сапасы – нашарлаған; Жайық, Шаған, Шыңғырлау өзендерінде судың сапасы айтарлықтай өзгермеді.

#### **7.5 Батыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны**

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 2 метеорологиялық станцияларда (Орал, Тайпақ) және Орал қаласының (№2, 3 ЛББ) мен Ақсай қаласының (№4 ЛББ) 3 автоматты бекеттерде бақылау жүргізілді (7.4 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,08 – 0,25 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

#### **7.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы**

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Орал, Тайпақ) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (7.4-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,9 – 1,8 Бк/м<sup>2</sup> аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,4 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады



7.4-сур. Батыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 8. Қарағанды облысының қоршаған ортажай-күйі

### 8.1 Қарағанды қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (8.1-сур., 8.1-кесте).

8.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Стартовый, 61/7 бұрылысы, аэрологиялық станция, Қарағанды МС аумағы(ескі аэропорт аумағы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол
3	тәулігіне 3 рет		Ленин көшесі мен Бұқар-Жырау даңғылы 1 бұрышы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді, формальдегид
4			Бирюзов көшесі,15 (жаңа Майқұдық)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол,формальдегид
7			Ермеков көшесі, 116	Қалқыма бөлшектер (шаң),

				күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,фенол
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мұқанов көшесі, 57/3	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, озон (жер беті), көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді
6			Архитектурная 15/1, (Прокуратурааумағы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,күкіртті сутегі,аммиак,көмірсутегі сомасы, метан, озон (жер беті),радиациялық гамма фон қуаттылығы
8			3-кочегарка көшесі (Пришахтинск)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді және оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі,аммиак,көмірсутегісінің сомасы, метан



8.1 сур. Қарағанды қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.1-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі жоғары болып бағаланды, ол СИ=5,8 (жоғары деңгей) күкіртті сутегі бойынша

№6 бекет аумағында және ЕЖҚ=13% (көтеріңкі деңгей) көміртегі оксиді бойынша №4 бекет аумағында анықталды.

*\*БҚ сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі мәнді көрсетсе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғары мәнімен бағаланады.*

Озонның (жер беткі) орташа шоғырлары 1,1 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, фенол – 1,7 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, формальдегид – 1,5 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

PM-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды бір реттік шоғырлары 2,9 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, PM-10 қалқыма бөлшектері – 1,6 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 2,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, озон (жер беткі) – 1,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегі – 5,8 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

## 8.2 Балқаш қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.2-сур., 8.2-кесте).

8.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	«Сабитова» мөлтек ауданы (№ 16 орта мектебі аумағы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді.
3			Ленин-2 мен Әлімжанов көшелерінің бұрышы	№1,3 ЛББ ( әр 10 күн сайын) кадмий, мыс, күшән, қорғасын, хром ( Алматы қаласы, ХАЗБ-да анықталады)
4			Сейфуллин көшесі(аурухана қалашығы, СЭС ауданы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, ерігіш сульфаттар
2	әр 20 минут сайын	Үзіліссіз режимде	Ленин көшесі, 10 үйден оңтүстікке қарай	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, Күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



8.2 сур. Балқаш қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.2-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, ол  $СИ=9,5$  (жоғары деңгей) күкіртті сутегі бойынша бойынша №2 бекет аумағында және  $ЕЖҚ=10\%$  (көтеріңкі деңгей) қалқыма бөлшектері бойынша №1 бекет аумағында анықталды.

*\*БҚ сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі мәнді көрсетсе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғары мәнімен бағаланады.*

Қалқыма бөлшектері (шаң) және озонның (жер беткі) орташа шоғырлары  $1,4ШЖШ_{0,т}$  құрады,  $PM-2,5$  қалқыма бөлшектері –  $1,7ШЖШ_{0,т}$ ,  $PM-10$  қалқыма бөлшектері –  $1,0ШЖШ_{0,т}$ , басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) максималды бір реттік шоғырлары  $3,4ШЖШ_{м.б.}$  құрады,  $PM-2,5$  қалқыма бөлшектері –  $6,6 ШЖШ_{м.б.}$ ,  $PM-10$  қалқыма бөлшектері –  $3,7 ШЖШ_{м.б.}$ , күкірт диоксиді –  $4,8 ШЖШ_{м.б.}$ , көміртегі оксиді –  $1,6 ШЖШ_{м.б.}$ , күкіртті сутегі –  $9,5 ШЖШ_{м.б.}$ , басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

### 8.3 Жезқазған қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі




Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (8.3-сур., 8.3-кесте).

8.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Сарыарқа көшесі, 4Г үй, тоқыма фабрикасының ауданы	Қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол
3			Желтоқсан көшесі, Жастар көшесі, 6 (Металлургтар алаңы)	Қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді,ерігіш сульфаттар,көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	М.Жәлел көшесі, 4 «А/1»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері,PM-10 қалқыма бөлшектері,азот диоксиді,азот оксиді, көміртегі оксиді,озон (жербеті), күкірт диоксиді,күкіртті сутегі, аммиак



8.3 сур. Жезқазған қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.3 сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, ол СИ=3,4 (көтеріңкі деңгей) көміртегі оксиді бойынша және ЕЖҚ=18% (көтеріңкі деңгей) қалқыма бөлшектері бойынша №3 бекет аумағында анықталды.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) орташа шоғырлары 2,3 ШЖШ<sub>0.т.</sub> құрады, фенол – 2,1 ШЖШ<sub>0.т.</sub>, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) максималды бір реттік шоғырлары 2,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, көміртегі оксиді – 3,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, фенол – 1,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


### 8.4 Саран қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (8.4-сур., 8.4-кесте).

8.4- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Саран көшесі, 28а, орталық аурухана аумағында	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, озон (жербетгі)



8.4сур. Саран қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.4-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, ол СИ=4,5 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=2% (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша анықталды.

Озонның (жер беткі) орташа шоғыры 2,5 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Күкіртті сутегінің максималды бір реттік шоғыры 4,5 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

### 8.5 Теміртау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.5-сур., 8.5-кесте).

8.5- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Димитров көшесі,213	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, күкіртсутегі, фенол, аммиак,сынап
4			6-шағын аудан («Опан» шоқысы, ішетін су резервуарының аумағы)	
5			3 «а» шағын ауданы (құтқару стансасының ауданы)	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Фурманов көшесі, 5	Қалқыма бөлшектер, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді,күкіртсутегі, аммиак,көмірсутегісінің сомасы, метан, радиациялық гамма фон қуаттылығы



8.5-сурет. Теміртау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісін орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.5-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, ол СИ=6,8 (жоғары деңгей) күкіртті сутегі бойынша №2 бекет аумағында және ЕЖҚ=29% (жоғары деңгей) фенол бойынша №3 бекет аумағында анықталды.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) орташа шоғырлары 1,2 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, күкірт диоксиді – 1,6 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, фенол – 2,4 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) максималды бір реттік шоғырлары 1,8 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, күкірт диоксиді – 1,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 1,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегі – 6,8 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, фенол – 2,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

## 8.6 Қарағанды облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Қарағанды облысындағы жерүсті суларының ластануын бақылау 14 су нысанында жүргізілді: Нұра, Шерубайнұра, Соқыр, Қара Кеңгірөзендері, Көкпекті, Сарысу; Самарқан, Кеңгір су қоймалары, Балхаш көлі, Қорғалжын қорығының көлдері: Шолақ, Есей, Сұлтанкелді, Қоқай, Теңіз.

Нұра өзені Керегетас тауларынан бастау алып, үлкен Теңіз көлімен қосылып жатқан Қорғалжын көлдері жүйесіне құяды. Өзен бастауын Қарағанды облысы аумағынан алып, Ақмола облысы арқылы ағып өтеді. Нұра өзенінде Самарқан суқоймасы орналасқан. Шерубайнұра өзені – Нұра өзенінің оң жақ жағалауындағы саласы. Кеңгір суқоймасы Қара Кеңгір өзенінде орналасқан, бұл өзен – Сарысу өзенінің оң жақ саласы болып табылады.

### Нұра өзені:

- тұстама: «Ынтымақ ауылының автокөлік көпіріндегі Ынтымақ, бкм. төмен». Су сапасы 4 классқа жатады: магний – 36,7 мг/дм<sup>3</sup>.

- тұстама: «Ботақара ауылының автокөлік көпіріндегі Ботақара, 2км. төмен». Су сапасы 4 классқа жатады: магний – 46,1 мг/дм<sup>3</sup>.

- тұстама: «Балықты т.ж. стансасы». Су сапасы 4 классқа жатады: Магний – 54,75 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдың нақты концентрациясы фондық класстан асады.

- тұстама: Теміртау қ. 0,1 км төмен, "Арселор Миттал Теміртау" АҚ және "ТЭМК" АҚ ағынды сулар арығынан 1 км жоғары. Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): Фенолдар– 0,002 мг/дм<sup>3</sup>. Фенолдардың нақты концентрациясы фондық класстан асады.

- тұстама: «Теміртау қ. 2,1 км төмен, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды сулар арығынан 1 км төмен». Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): Марганец– 0,114 мг/дм<sup>3</sup>. марганецтің нақты концентрациясы фондық класстан аспайды.

- тұстама: Садовое бөлімшесі, ауылдан 1 км төмен. Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): Фенолдар– 0,002 мг/дм<sup>3</sup>. Фенолдардың нақты концентрациясы фондық класстан асады.

- тұстама: «Теміртау қ. 6,8 км төмен, «Арселор Миттал» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды сулар арығынан 5,7 км төмен». Су сапасы 4 классқа жатады: Магний – 35,0 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдың нақты концентрациясы фондық класстан асады.

- тұстама: ЖанаТалап а., ауыл маңындағы авто-жол көпірі. Су сапасы 4 классқа жатады: Магний – 43,55 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдың нақты концентрациясы фондық класстан асады.

- тұстама: Ынтымақ су қоймасының Жоғарғы ағыны, Ақтөбе а. төмен өзен арнасы бойынша 4,8 км. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): Марганец– 0,124 мг/дм<sup>3</sup>. марганецтің нақты концентрациясы фондық класстан аспайды.

- тұстама: Ынтымақ су қоймасының Төменгі ағыны, плотинадан 100 м төмен; Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): Марганец– 0,1175 мг/дм<sup>3</sup>. марганецтің нақты концентрациясы фондық класстан аспайды.

- тұстама: Ақмешіт а., ауылдың шегінде. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): Марганец– 0,1305 мг/дм<sup>3</sup>. марганецтің нақты концентрациясы фондық класстан аспайды.

- тұстама: ауылдан 2,0 км төмен. Су сапасы 4 классқа жатады: Магний – 40,4 мг/дм<sup>3</sup> қалқымалы заттар – 27,6 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдың нақты концентрациясы фондық класстан асады.

- тұстама: Рахымжан Қошқарбаев а., ауылдан 5,0 км төмен. Су сапасы 4 классқа жатады: Магний – 40,4 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдың нақты концентрациясы фондық класстан асады.

- тұстама: Кендібай су құбыры ,6км Сабынды а. оңтүстік бойынша. Су сапасы 4 классқа жатады: Магний – 39,4 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдың нақты концентрациясы фондық класстан асады.

- тұстама: Қорғалжын а., ауылдан 0,2 км төмен. Су сапасы 4 классқа жатады: Магний – 37,0 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдың нақты концентрациясы фондық класстан асады.

**Нұра өзенінің ұзындығы бойынша** су температурасы 16,0 –22,8 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,81-8,64, судағы еріген оттегі концентрациясы – 8,40-12,47 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>–1,02-3,99 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі - 11-45 градус; иісі – 0 балл барлық тұстамаларда. Нұра өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы 3 классқа жатады: магний – 36,9 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Самаркан су қоймасы**

-тұстама: Теміртау қ., плотинадан 7 км жоғары; Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): Фенолдар– 0,002 мг/дм<sup>3</sup>. Фенолдардың нақты концентрациясы фондық класстан асады.

-тұстама: Теміртау қ. шегінде, су қоймасының оңтүстік жағалауынан жарма бойынша (ұзындығы) 0,5 км. Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): Фенолдар– 0,002 мг/дм<sup>3</sup>. Фенолдардың нақты концентрациясы фондық класстан асады.

Самаркан су қоймасы- бойынша су температурасы 18,6-22,2°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,06-8,53, судағы еріген оттегі концентрациясы – 7,89-12,47 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>–2,08-3,26 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі - 27-32 градус; иісі – 0 балл барлық тұстамаларда. Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): Фенолдар– 0,002 мг/дм<sup>3</sup>.

**Кеңгір су қоймасы** - бойынша су температурасы 21,6°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,32, судағы еріген оттегі концентрациясы – 8,13мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>–0,50 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 16 градус; иісі – 0 балл.

-тұстама : Кеңгір суқоймасы, Жезқазған қ., Қара Кеңгір өзенінен 0,1 км А 15. Су сапасы 2 классқа жатады: марганец – 0,054 мг/дм<sup>3</sup>, мұнай өнімдері – 0,07 мгО/дм, ОХТ -27,4мг/дм<sup>3</sup>. Мұнай өнімдері мен ОХТ нақты концентрациясы фондық класстан асады.

#### **Қара Кеңгір өзені:**

- тұстама :«Жезқазған қ., қаланың шегінде, Кеңгір суқоймасының плотинасынан 0,2 км төмен, «ПТВС» АҚ ағынды сулар ағызудан 0,2 км. жоғары» -Су сапасы 2 классқа жатады: марганец – 0,096 мг/дм<sup>3</sup>. мұнай өнімдері -0,08 мгО/дм . Мұнай өнімдерінің нақты концентрациясы фондық класстан асады.

- тұстама:«Жезқазған қ. шегінде, Кеңгір суқоймасының плотинасынан 4,7 км төмен, «ПТВС» АҚ ағынды сулар ағызудан 0,5 км. төмен»- Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ионы – 40,4 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 7,8 мг/дм<sup>3</sup>. Аммоний ионы мен ОБТ нақты концентрациясы фондық класстан асады.

- тұстама:«Жезқазған қ. шегінде, Кеңгір суқоймасының плотинасынан 3,0 км төмен, «ПТВС» АҚ ағынды сулар ағызудан 5,5 км. төмен»- Су сапасы

нормаланбайды (>5 класс): аммоний ионы – 29,3 мг/дм<sup>3</sup>, Аммоний ионның нақты концентрациясы фондық класстан асады.

Қара Кенгір өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 21,2-22,0°C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,7-8,24, судағы еріген оттегі концентрациясы 2,6-8,255 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> –0,50-7,80 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 19-233 градус; иісі – 1 балл. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ионы- 23,4 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Сарысу өзені:**

-тұстама: «Сарысу с/о-нен 0,5 км» - Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций - 161 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 126 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 830 мг/дм<sup>3</sup>.

-тұстама: «0,5 км дюкерден жоғары»- Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций – 165 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 127 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 1003 мг/дм<sup>3</sup>.

- тұстама: «4,0 км. Дюкерден төмен»- Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций - 188 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 170 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 1053мг/дм<sup>3</sup>.

**Сарысу өзенінің ұзындығы** бойынша су температурасы 20,4-21,6°C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,07-8,41, судағы еріген оттегі концентрациясы 7,55-8,65 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> –10,70-1,03 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 40,53 градус; иісі – 0 балл барлық тұстамаларда. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций - 171 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 141мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 962 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Соқыр өзені:**

- тұстама: «Соқыр өз., сағасы, Құрылыс а. маңындағы автожол көпірі». Су сапасы 4 классқа жатады: магний – 63,0 мг/дм<sup>3</sup>.

-тұстама: Қаражар а. маңындағы автожол көпірібойынша сағасы, Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): Аммоний ионы–5,39 мг/дм<sup>3</sup>, марганец – 0,145 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 377,5 мг/дм<sup>3</sup>. Хлоридтердің нақты концентрациясы фондық класстан асады.

Соқыр өз. - су температурасы 18,0-25,0 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,10-8,47 , судағы еріген оттегі концентрациясы 10,43-11,94 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>–2,05-4,51 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 18-113 градус; иісі – 0 балл.

Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 3,63 мг/дм<sup>3</sup>, марганец – 0,127мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Шерубайнұра өзені:**

- тұстама: Шерубайнұра өз., Шопа сағасы, Шопа а. шегінде. Су сапасы 4 классқа жатады: магний – 49,2 мг/дм<sup>3</sup>.

- тұстама: Шерубайнұра өз., Қарағанды –Жезқазған автокөлікті мост трассасындағы Қара-мұрын ауылы. Су сапасы 4 классқа жатады: магний – 54,0 мг/дм<sup>3</sup>.

-тұстама: «Асыл а. 2,0 км төмен сағасындағы» тұстамасында. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): Аммоний ионы–4,095 мг/дм<sup>3</sup>, марганец – 0,1775 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 385,5 мг/дм<sup>3</sup>. Хлоридтердің нақты концентрациясы фондық класстан асады.

Шерубайнұра өз. - бойынша су температурасы 18,2-20,0°C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,05-8,38, судағы еріген оттегі концентрациясы

9,43-11,77 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> –1,85-4,33 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 16-97 градус; иісі – 0 балл. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,119мг/дм<sup>3</sup>.

### **Көкпекті өзені**

- тұстама: «Жұмыс кентінен 0,5 км төмен» тұстама: Су сапасы 4 классқа жатады: Магний – 51,55мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдың нақты концентрациясы фондық класстан аспайды.

**Көкпекті өзені** ұзындығы бойынша су температурасы 18,6-19,6 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,26-8,37, судағы еріген оттегі концентрациясы 9,00-9,78 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> –2,74-3,22 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 30,38 градус; иісі – 0 балл.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл. ) **Шолақ көлінің** су температурасы 23,0 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,28 , судағы еріген оттегі концентрациясы 9,50 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> –2,4 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ<sub>5</sub> –14,7 мг/дм<sup>3</sup>, қалқымалы заттар – 23,2 мг/дм<sup>3</sup> , құрғақ қалдықтар- 592 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 37 градус; иісі – 0 балл.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл. ) **Есей көлінің** су температурасы 22,0 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,38 , судағы еріген оттегі концентрациясы 9,77 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> –2,57 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ<sub>5</sub> –18,1 мг/дм<sup>3</sup>, қалқымалы заттар – 21,2 мг/дм<sup>3</sup> , құрғақ қалдықтар- 1385 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 26 градус; иісі – 0 балл.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл. ) **Сұлтанкелді көлінің** су температурасы 23,3 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,29 , судағы еріген оттегі концентрациясы 8,57 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> –1,72 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ<sub>5</sub> –25,3 мг/дм<sup>3</sup>, қалқымалы заттар – 26,2 мг/дм<sup>3</sup> , құрғақ қалдықтар- 1250 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 18 градус; иісі – 0 балл.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл. ) **Қоқай көлінің** су температурасы 21,4 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,12 , судағы еріген оттегі концентрациясы 8,58 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> –1,72 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ<sub>5</sub> –19,2 мг/дм<sup>3</sup>, қалқымалы заттар – 19,6 мг/дм<sup>3</sup> , құрғақ қалдықтар- 926мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 24градус; иісі – 0 балл.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл. ) **Теңіз көлінің** су температурасы 25,2 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,31 , судағы еріген оттегі концентрациясы 8,23 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> –1,52 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ<sub>5</sub> –43,7 мг/дм<sup>3</sup>, қалқымалы заттар – 34,0 мг/дм<sup>3</sup> , құрғақ қалдықтар- 32377 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 16 градус; иісі – 0 балл.

**Балқаш көлінің** су температурасы 22,4-25,0 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,02-8,26 , судағы еріген оттегі концентрациясы 6,23-8,37 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> –0,54-1,33 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ<sub>5</sub> –6,02-84,8 мг/дм<sup>3</sup>, қалқымалы заттар – 19-50 мг/дм<sup>3</sup> , түстілігі – 7-13 градус; иісі – 0 балл.

Қарағанды облысы аумағындағы 2020 жылғы маусым айы бойынша су объектілерінің сапасының **Бірыңғай жіктеуі келесі** түрде бағаланады: 2 класс: Кеңгір су қоймасы; нормаланбайды (>3 класс) Самарқан суқоймасы; 4 класс- Нұра, Көкпекті өзендері: нормаланбайды (>5 класс): Соқыр, Шерубайнұра, Сарысу, Қара Кеңгір (2 кесте).



Су сапасы 2019 жылдың маусым айымен салыстырғанда Қара Кеңгір, Соқыр, Шерубайнұра, Сарысу, Көкпекті және Кеңгір су қоймасында өзгермеген, ал Нұра өзені мен Самарқан су қоймасында нашарлаған.

### Топырақ, түптік шөгінділер жай-күйінің мониторингі

Топырақ пен шөгінділер сынамасын алу Нұра өзенінің гидрохимиялық тұстамаларында, Самарқан және Ынтымақ су қоймалары, Қорғалжын көлдерінде (Шолақ, Есей, Коқай, Сұлтанкелді, Теніз) жүргізілді (5-кесте).

Топырақтағы сынаптың шекті концентрациясы 2,1 мг/кг құрайды.

Топырақ сынамасында сынаптың ең үлкен мөлшері Нұра өзенінің «Теміртау қ. 2,1 км төмен, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды сулар арығынан 1 км төмен» (0,706 – 4,31 мг/кг) тұстамасында тіркелді. Шекті жол берілген шоғырдан асқандығы 1,68 ШЖШ-дан 2,05 ШЖШ-ға дейін тіркелді. Түптік шөгінділер үлгілеріндегі сынаптың мөлшері 0,376-0,483 мг/кг құрады (5-кесте).

Топырақ пен түптік шөгінділердегі сынаптың жоғары мөлшері Нұра өзені :«Теміртау қ. 6,8 км төмен, «Арселор Миттал» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды сулар арығынан 5,7 км төмен» (0,500-2,90 мг/кг). Шекті жол берілген шоғырдан асқандығы 1,20 ШЖШ-дан 1,38 ШЖШ-ға дейін тіркелді. Түптік шөгінділер үлгілеріндегі сынаптың мөлшері 0,576-2,36 мг/кг құрады (5-кесте).

Шолақ көлінің топырағы мен түптік шөгінділеріндегі жалпы сынаптың мөлшері 0,055 мг/кг жетті, Сұлтанкелді көлінде 0,011 мг/кг жетті, Қоқай көлінде - 0,012 мг/кг жетті, Теңіз көлінде - 0,011 мг/кг жетті (5-кесте).

### 2020 жылғы маусымдағы топырақ және түптік шөгінділер сынамасын алдау нәтижелері

5-кесте

Гидрохимиялық бекет атауы	Сынама алу күні, айы, жылы	Сынама алу орны (бекітілген жер, м)	Ағын тереңдігі, м	Сынама алу тереңдігі, м	Сынап мөлшері, мг/кг	ШЖШ асу еселігі
Нұра өзені, Балықты темір жол станциясы	04.06.2020	1 м сол жағалауынан*	0,30*	0 – 0,1	0,174	
	-/-	3 м сол жағалауынан	-	0 – 0,1	0,064	
	-/-	1 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,045	
	-/-	3 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,045	

Гидрохимиялық бекет атауы	Сынама алу күні, айы, жылы	Сынама алу орны (бекітілген жер, м)	Ағын тереңдігі, м	Сынама алу тереңдігі, м	Сынап мөлшері, мг/кг	ШЖШ асу еселігі
	-//-	6 м сол жағалауынан	-	0 – 0,1	0,048	
Самарқан су қоймасы, бөгеннен 0,5 км жоғары	05.06.2020	1 м сол жағалауынан	-	0 – 0,1	0,609	
	-//-	1 м сол жағалауынан	-	0,2 – 0,3	0,051	
	-//-	3 м сол жағалауынан	-	0 – 0,1	0,451	
	-//-	3 м сол жағалауынан	-	0,2 – 0,3	0,312	
	-//-	6 м сол жағалауынан	0,30	0 – 0,1	0,116	
Нұра өзені, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ бірлескен ағынды сулар шығарымына н 1 км жоғары	05.06.2020	1 м сол жағалауынан	-	0 – 0,1	0,028	
	-//-	1 м сол жағалауынан	-	0,2 -0,3	0,043	
	-//-	3 м сол жағалауынан	-	0 – 0,1	0,124	
	-//-	3 м сол жағалауынан	-	0,2 – 0,3	0,035	
	-//-	1 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,288	
	-//-	1 м оң жағалауынан	-	0 – 0,2	0,038	
	-//-	3 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,116	
	-//-	3 м оң жағалауынан	-	0,2 – 0,3	0,180	
	-//-	0,5 м оң жағалауынан *	0,30 *	0 – 0,2	0,115	
-//-	0,5 м сол жағалауынан *	0,40 *	0 – 0,2	0,242		
Нұра өзені, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ бірлескен ағынды сулар шығарымына н 1 км төмен	05.06.2020	1 м сол жағалауынан	-	0 – 0,1	0,709	
	-//-	1 м сол жағалауынан	-	0,2 – 0,3	0,936	
	-//-	3 м сол жағалауынан	-	0 – 0,1	4,31	<b>2,05</b>
	-//-	3 м сол жағалауынан	-	0,2 – 0,3	0,956	
	-//-	1 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	3,52	<b>1,68</b>
	-//-	1 м оң жағалауынан	-	0,2 – 0,3	0,842	
	-//-	3 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	1,39	
	-//-	3 м оң жағалауынан	-	0,2 -0,3	1,54	
	-//-	0,5 м сол жағалауынан	0,25	0 – 0,1	0,376	
	-//-	0,5 м оң жағалауынан	0,45	0 – 0,1	0,483	
Нұра өзені, Садовое бөлімшесі	05.06.2020	1 м сол жағалауынан	-	0 – 0,1	0,312	
	-//-	1 м сол жағалауынан	-	0,2 – 0,3	0,374	
	-//-	3 м сол жағалауынан	-	0 – 0,1	0,157	
	-//-	3 м сол жағалауынан	-	0,2 -0,3	0,198	
	-//-	1 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	1,57	
	-//-	1 м оң жағалауынан	-	0,2 -0,3	0,767	
	-//-	3 м оң жағалауынан	-	0 -0,1	0,295	

Гидрохимиялық бекет атауы	Сынама алу күні, айы, жылы	Сынама алу орны (бекітілген жер, м)	Ағын тереңдігі, м	Сынама алу тереңдігі, м	Сынап мөлшері, мг/кг	ШЖШ асу еселігі
	--/	3 м оң жағалауынан	-	0,2 -0,3	0,505	
	--/	0,5 м оң жағалауынан	0,40	0 – 0,1	0,738	
	--/	0,5 м сол жағалауынан	0,40	0 – 0,1	0,289	
Нұра өзені, Теміртау қ. «Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ бірлескен ағынды сулар шығарымына н 5,7 км төмен	05.06.2020	1 м сол жағалауынан	-	0 – 0,1	2,90	<b>1,38</b>
	--/	1 м сол жағалауынан	-	0,2 – 0,3	2,51	<b>1,20</b>
	--/	2 м сол жағалауынан	-	0 – 0,1	2,78	<b>1,32</b>
	--/	2 м сол жағалауынан	-	0,2 – 0,3	0,990	
	--/	1 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,500	
	--/	1 м оң жағалауынан	-	0,2 – 0,3	0,705	
	--/	2 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	1,63	
	--/	2м оң жағалауынан	-	0,2 – 0,3	1,72	
	--/	оң жағалауынан 0,5 м *	0,17 *	0 – 0,1	0,576	
	--/	1,0 м сол жағалауынан *	0,24 *	0 – 0,1	2,36	<b>1,12</b>
Нұра өзені, Жана Талап ауылы	08.06.2020	1 м сол жағалауынан	-	0 – 0,1	0,079	
	--/	1 м сол жағалауынан	-	0,2 - 0,3	0,094	
	--/	3 м сол жағалауынан	-	0 – 0,1	0,178	
	--/	3 м сол жағалауынан	-	0,2 - 0,3	0,170	
	--/	1 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,039	
	--/	1 м оң жағалауынан	-	0,2 - 0,3	0,064	
	--/	3 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,061	
	--/	3 м оң жағалауынан	-	0,2 - 0,3	0,087	
	--/	0,5 м оң жағалауынан	0,30	0 – 0,2	0,037	
	--/	1 м сол жағалауынан*	0,30	0 – 0,3	0,119	
Нұра өзені, Ынтымақ су қоймасының жоғарғы	08.06.2020	1 м оңжағалауынан	-	0 – 0,1	0,074	
	--/	1 м оңжағалауынан	-	0,2 - 0,3	0,030	
	--/	3 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,029	

Гидрохимиялық бекет атауы	Сынама алу күні, айы, жылы	Сынама алу орны (бекітілген жер, м)	Ағын тереңдігі, м	Сынама алу тереңдігі, м	Сынап мөлшері, мг/кг	ШЖШ асу еселігі
бьефі	--/	3 м оң жағалауынан	-	0,2 - 0,3	0,031	
	--/	1 м оң жағалауынан *	0,20	0 – 0,3	0,053	
Нұра өзені, Ынтымақ су қоймасының төменгі бьефі	08.06.2020	оң жағалауы 300м бөгеттен жоғары жағалаудан 3 м	-	0,2 - 0,3	0,032	
	--/	оң жағалауы 300м бөгеттен жоғары жағалаудан 1 м	-	0 – 0,1	0,012	
	--/	оң жағалауы 300м бөгеттен жоғары жағалаудан 0,5 м*	0,40*	0 – 0,1	0,018	
	--/	оң жағалауы 300м бөгеттен жоғары жағалаудан 1 м	-	0,2 - 0,3	0,012	
	--/	оң жағалауы 300м бөгеттен жоғары жағалаудан 1 м*	0,20*	0 – 0,3	0,057	
Нұра өзені, Ақмешіт ауыл шегінде	08.06.2020	1 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,029	
	--/	1 м оң жағалауынан	-	0,2 – 0,3	0,035	
	--/	3 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,025	
	--/	0,5 м сол жағалауынан*	0,20*	0 – 0,2	0,068	
	--/	сол жағалаудан 3 м	-	0,2 – 0,3	0,027	
Нұра өзені, Нұра кенті	09.06.2020	1 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,108	
	--/	1 м оң жағалауынан	-	0,2 – 0,3	0,022	
	--/	оң жағалаудан 0,2 м*	0,20	0 – 0,2	0,058	
	--/	2 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,108	
	--/	3 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,063	
Нұра өзені, Рахымжан Қошқарбаев а.,	09.06.2020	1 м сол жағалауынан	-	0 – 0,1	0,051	
	--/	1 м сол жағалауынан	-	0,2 – 0,3	0,032	
	--/	1 м сол жағалауынан*	0,20*	0 – 0,2	0,031	

Гидрохимиялық бекет атауы	Сынама алу күні, айы, жылы	Сынама алу орны (бекітілген жер, м)	Ағын тереңдігі, м	Сынама алу тереңдігі, м	Сынап мөлшері, мг/кг	ШЖШ асу еселігі
	-//-	3 м сол жағалауынан	-	0 – 0,1	0,084	
	-//-	3 м сол жағалауынан	-	0,2 – 0,3	0,015	
Нұра өзені, Кенбидай су торабы,	09.06.2020	1 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,052	
	-//-	1 м оң жағалауынан	-	0,2 – 0,3	0,018	
	-//-	3 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,031	
	-//-	3 м оң жағалауынан	-	0,2 – 0,3	0,021	
	-//-	1 м оң жағалауынан*	0,60*	0 – 0,1	0,025	
Нұра өзені, Қорғалжын а.	10.06.2020	1 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,019	
	-//-	1 м оң жағалауынан	-	0,2 – 0,3	0,015	
	-//-	сол жағалаудан 0,2 м	0,40*	0 – 0,2	0,011	
	-//-	1 м сол жағалауынан	-	0 – 0,1	0,011	
	-//-	1 м сол жағалауынан	-	0,2 – 0,3	0,012	
Шолақ көлі Қорғалжын қорығы, солтүстік-батыс жағалауы	10.06.2020	жағалаудан 1 м	-	0 – 0,1	0,015	
	-//-	жағалаудан 1 м	-	0,2 – 0,3	0,015	
	-//-	жағалаудан 3 м	-	0 – 0,1	0,012	
	-//-	жағалаудан 3 м	-	0,2 – 0,3	0,012	
	-//-	жағалаудан 1 м*	0,45	0 – 0,1	0,055	
Есей көлі, Қорғалжын қорығы, солтүстік жағалауы	10.06.2020	жағалаудан 1 м	-	0 – 0,1	0,009	
	-//-	жағалаудан 5 м	-	0 – 0,1	0,006	
	-//-	жағалаудан 5 м	-	0,2 – 0,3	<0,005	
	-//-	жағалаудан 3 м	-	0 – 0,3	0,006	
	-//-	жағалаудан 1 м*	0,35	0 – 0,2	0,005	
Сұлтанкелді көлі, Қорғалжын қорығы, солтүстік-	11.06.2020	жағалаудан 0,5 м	-	0 – 0,1	0,007	
	-//-	жағалаудан 0,5 м	-	0,2 – 0,3	0,011	
	-//-	жағалаудан 3 м	-	0 – 0,1	0,007	
	-//-	жағалаудан 3 м	-	0,2 – 0,3	0,010	

Гидрохимиялық бекет атауы	Сынама алу күні, айы, жылы	Сынама алу орны (бекітілген жер, м)	Ағын тереңдігі, м	Сынама алу тереңдігі, м	Сынап мөлшері, мг/кг	ШЖШ асу еселігі
шығыс	-//-	жағалаудан 0,2 м*	0,28	0 – 0,2	0,011	
Кокай көлі, Қорғалжын қорығы, солтүстік-шығыс жағалауы	11.06.2020	жағалаудан 0,5м	-	0 – 0,1	0,008	
	-//-	жағалаудан 1 м	-	0 – 0,3	0,012	
	-//-	жағалаудан 3м	-	0 – 0,1	0,010	
	-//-	жағалаудан 3м	-	0,2 – 0,3	0,009	
	-//-	жағалаудан 1 м *	0,33	0 – 0,1	0,007	
Теніз көлі, Қорғалжын қорығы, солтүстік-шығыс жағалауы	11.06.2020	жағалаудан 0,5м	-	0 – 0,1	0,010	
	-//-	жағалаудан 1 м	-	0 – 0,3	0,009	
	-//-	жағалаудан 3м	-	0 – 0,1	0,007	
	-//-	жағалаудан 3м	-	0,2 – 0,3	0,011	
	-//-	жағалаудан 1 м *	0,33	0 – 0,1	0,010	

Ескертпе: \* - түптік шөгінділер сынамасы

## 8.7Қарағанды облысының гидробиологиялық көрсеткіштері бойынша жер үсті су сапасы

### Нұра өзені

Зоопланктон есептегі айда әртүрлілігімен ерекшеленбеді. Су сынамасында зоопланктонның 3 түрі кездесті. Ескекаяқты шаяндар басым болып, зоопланктон санының 41% көрсетті. Соның ішінде Eucyclops serrulatusбасымдылық танытты. Талшықмұрттылар - 34%, домалақ құрттар-25% болды. Жалпы орташа саны 0,79 мың дана/м<sup>3</sup>, ал биомассасы 8,55 мг/м<sup>3</sup> құрады.Сапроб индексі 1,58 - 2,18 аралығында болып, өзен бойынша орташа сан 1,85 құрады. Зоопланктон жағдайына байланысты, су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон жақсы дамыды. Балдырлардың негізгі топтары кездесті. Жасыл балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 53% құрады. Су сынамасындағы түрлер саны 11-23 аралығында болып, орташа сан 18 көрсетті. Альгофлораның жалпы саны 0,45 мың кл/см<sup>3</sup>, жалпы биомассасы 0,047мг/дм<sup>3</sup> тең болды. Жоғары сапроб индекстері Теміртау қаласы, "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км төмен..." - 2,05 және "Сабынды ауылы" – 1,97 тұстамаларында байқалды. Орташа сапроб индексі 1,91, яғни үшінші класқа сәйкес орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Нұра өзенініңдегі перифитонның түрлік құрамы әртүрлі болды. Диатомды, жасыл, көк-жасыл, эвгленалы балдырлардың түрлері басымдылық танытты. Сонымен бірге, су сынамасында кірпікшелі инфузориялар мен тамыраяқтылар кездесті. Зерттеу нәтижесіне сәйкес өте ластанған аймақтарға Теміртау қаласы, "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 5,7 км төмен..." және "Жана-Талап ауылы" (2,02; 2,04) тұстамалары жатады. Сапроб индексі 1,73 – 2,04 аралығында

болды. Орташа сапроб индексі 1,91. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Нұра өзенінің түпкі фаунасы ұлулардан (*Bivalvia* мен *Gastropoda*), сүліктерден (*Hirudinea*), шаянтәрізділерден (*Crustacea*) және жәндік дернәсілдерінен (*Insecta*) құралды. Сонымен қатар су сынамасында аз қылтанды құрттар (*Oligochaeta*) және сұламалар (*Turbellaria*) кездесті. Орташа биотикалық индексі 5 тең болды. Су класы үшінші, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Суға биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялардың саны бақылауға қатынасы бойынша 100%. Тест-көрсеткіш 0% тең. Алынған мәліметтерге сәйкес, Нұра өзенінің суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

### **Шерубайнұра өзені**

Зоопланктон бірлестігі зерттелген су сынамасында 3 түрімен ұсынылды. Негізгі рөлді домалақ құрттардың 67% зоопланктонның жалпы биомассасын құруға қатысты. Ескекәяқтылар үлесіне 33% тиді. Жалпы саны 0,75 мың дана/м<sup>3</sup>, ал биомассасы 3,34 мг/м<sup>3</sup> құрады. Сапроб индексі 1,78. Су класы үшінші, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон жақсы дамыды. Диатомды балдырлардың 81%, ал жасыл балдырлардың 18% және көк-жасыл балдырлардың 1% құрап, жалпы биомассаны құруға қатысты. Өзге балдырлардың түрлері кездеспеді. Жалпы саны 0,68 мың дана/м<sup>3</sup>, жалпы биомассасы – 0,039 мг/дм<sup>3</sup>. Су сынамасындағы түрлер саны – 18. Сапроб индексі – 2,02. Су класы үшінші, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитон түрдің әртүрлілігімен сипатталды. Диатомды балдырлардан *Nitzschia sigmoidea*, *Surirella spiralis*, *Synedra ulna*, жасыл балдырлардан: *Cladophora* және *Closterium*, көк-жасыл балдырлардан – *Oscillatoria limosa*, сонымен қатар эвгленалы балдырлардан: *Euglena spirogyra* және *Phacus curvicauda* жиі кездесті. Сапроб индексі 1,76. Су сапасының класы – үшінші класқа сәйкес болды.

Алынған мәліметтерге сәйкес биотестілеу кезінде берілген тест-нысанында өткір уыттылық анықталған жоқ. Өлген дафниялардың бақылауға қатынасы бойынша пайызы 0% тең. Тірі қалған дафниялар саны 100% көрсетті.

### **Қара Кеңгір өзені**

Зоопланктон сынамасы орташа дамыған. Оның негізін ескекәяқты шаяндар құрап, жалпы зоопланктонның 48% құрады. Талшықмұртты шаяндар 33%, домалақ құрттар 19% құрады. Түрдің орташа саны – 3. Орташа жалпы саны 1,58 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 13,97 мг/м<sup>3</sup>. Сапроб индексі – 2,03, яғни орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктонда орташа дамыды. Диатомды балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 67% құрады. Жасыл балдырлар 28%, өзге балдырлар тек 5% ғана кездесті. Көк-жасыл балдыр түрлері кездеспеді. Жалпы саны мен биомассасы 0,20 мың кл/см<sup>3</sup>, 0,014 мг/дм<sup>3</sup>. Сынамадағы түрлер саны – 11. Өзен бойынша орташа сапроб индексі – 1,83, яғни үшінші класқа сәйкес орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеу кезінде Қара Кеңгір өзенін бақылағанда тірі қалған дафниялар саны 100% құрады. Тест-көрсеткіш 0% тең. Алынған мәліметтерге сәйкес, өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

### **Самарқан су қоймасы**

Зоопланктон орташа дамыды. Галшықмұртты шаяндар басымдылық танытып, зоопланктонның жалпы санының 60% құрады. Ескекаяқтылар үлесіне 40% тиді. Домалақ құрттар кездеспеді. Жалпы орташа саны 1,25 мың дана/м<sup>3</sup>, ал биомассасы 16,00 мг/м<sup>3</sup>. Сапроб индексі 1,74, яғни, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон орташа дамыды. Саны мен биомассасы бойынша диатомды балдырлар басымдылық танытып, жалпы биомассаның 58% құрады. Жалпы саны 0,19 мың кл/см<sup>3</sup>, биомассасы 0,018 мг/дм<sup>3</sup>. Су сынамаcындағы түрлер саны – 15. Сапроб индексі 1,68, яғни, 3 класс, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитон негізін диатомды балдырлардың *Amphora*, *Cymatopleura*, *Symbella* түрлерінен құралды. Жасыл балдырлар бір данадан ғана кездесті.  $\beta$ -мезасапробты аймақтың мекендеушілері басым болды. Сапроб индексі 2,07, су класы - үшінші. Орташа ластанған аймақты қамтыды.

Зообентоснашар дамыды. Шаянтәрізділер класынан (*Crustacea*) – *Gammarus pulex* ( $\chi$ - $\beta$ -0,65) құралды. Биотикалық индекс 5-ке тең. Су класы – 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Суға биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялардың саны бақылауға қатынасы бойынша 100% құрады. Тест-көрсеткіш 0% тең. Алынған мәліметтер бойынша өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

### **Кеңгір су қоймасы**

Зоопланктон орташа дамыды. Ескекаяқты шаяндар мен домалақ құрттар – 50%-дан кездесіп, жалпы зоопланктон санын құрады. Орташа саны 0,5 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 5,25 мг/м<sup>3</sup>. Сапроб индексі 1,5, су класы – үшінші, яғни орташа ластанған.

Фитопланктон орташа дамыды. Балдырлардың барлық топтары кездесті. Негізін диатомды балдырлар құрады. Сынамадағы түр саны – 10. Жалпы орташа саны 0,13 мың кл/см<sup>3</sup>, ал биомасса 0,016 мг/дм<sup>3</sup> болды. Сапроб индексі 1,80. Су класы – 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Дафнияларды суда зерттеу кезінде тірі қалғандар саны 100% құрады. Тест-көрсеткіш 0% тең. Су қойманың суы биотестілеуден алынған мәліметтерге сәйкес, өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

### **Қорғалжын көлдері**

#### **Шолақ көлі**

Зоопланктон бірлестігі нашар дамыған. Ескекаяқты шаяндар мен домалақ құрттар тең пайыздық мөлшерде кездесті. Жалпы саны 0,25 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 4,0 мг/м<sup>3</sup>. Сапроб индексі 1,63. Зерттеу аймағы орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктонда көк-жасыл балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 55% құрады. Жасыл балдырлар 34%, диатомды балдырлар 11% биомассаны құруға қатысты. Альгофлораның жалпы орташа саны 0,19 мың дана/м<sup>3</sup>, ал



биомассасы 0,014 мг/м<sup>3</sup>, су сынамасындағы түрлер саны – 8. Сапроб индексі 1,92, яғни, 3 класқа сәйкес, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитон диатомды, жасыл, көк-жасыл және эвгленалыбалдырлармен қатар, тамыраяқтылардан құралды. Диатомды балдырдан *Cymatopleura*, *Navicula*, *Rhopalodia* балдырлары басымдық танытты. Басқа топ балдырларының тығыздығы төмендеу болды. Балдырлардың негізгі бөлігі β-мезосапробты организмдерге жатады. Сапроб индексі 1,71. Су класы – үшінші. Орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зообентос тек бауыраяқты ұлулардан: *Lymnaea glabra*, *L. palustris*, *L. stagnalis* и *L. Truncatula* түрлерінен құралды. Биотикалық индексті анықтау барысында, зерттелген аймақ орташа ластанған су сапасын көрсетті.

### **Есей көлі**

Зоопланктон орташа дамыды. Ескеқаяқты шаяндар ғана кездесті. Жалпы саны 0,63 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 6,25 мг/м<sup>3</sup>. Бета-мезосапробты организмдер басым болды. Сапроб индексі 1,67. Зоопланктон жағдайына байланысты, су сапасы орташа ластанған.

Фитопланктон нашар дамыды. Жасыл балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 44% құрады. Сынамадағы түр саны – 9. Жалпы саны 0,31 мың дана/м<sup>3</sup>, ал биомассасы 0,013 мг/м<sup>3</sup>. Орташа сапроб индексі 1,86, яғни, 3 класс, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

